

Карабаев Куаныш Бакыткелдинович 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қаскелен Агропаркіндегі ашық қоңыр топырақтардың құнарлығы мен жүгері өнімділігін жоғарлатуда инновациялық технологияны қолдану» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

### Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	«Дәл егіншілікті іске асыру үшін инновациялық агротехнологиялық парк құру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс «Қаскелен Агропарк» ЖШС тәжірибелік алаңдарында топырақтың құнарлылығын сақтау және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудың инновациялық технологияларын енгізу бағытындағы ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында 2018–2020 жылдары орындалды (мемлекеттік тіркеу № 0118РК01412).
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ ашылмаған</u>	Жұмыс ғылымға <i>елеулі үлесін қосады</i> , ал оның <i>маңыздылығы жақсы ашылған</i> , яғни Алматы облысы Қарасай ауданының «Қаскелен Агропарк» аумағында жүргізілген кешенді агрохимиялық және далалық зерттеулер нәтижесінде топырақтың агрохимиялық қасиеттері, морфологиялық ерекшеліктері және қоректік элементтермен қамтамасыз етілу деңгейі жан-жақты зерттелініп, агрохимиялық картограммалар жасалып, минералды және биоорганикалық тыңайтқыштардың жүгері дақылының өсіп-өнуі мен өнімділігіне әсері ғылыми негізделген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ;	Диссертациялық жұмыс талапқа сай әрі <i>жоғары</i> деңгейде орындалған. Ғылыми

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	жұмыстардың жоспарын құру, әдебиеттерге шолу жасау, далалық және зертханалық эксперименттерді ұйымдастырып жүргізу, алынған ғылыми нәтижелерді әдістемеге сәйкес талдау, мақалалар шығару, зерттеу нәтижелерін өндіріс жағдайында сынау және өндіріске енгізу сияқты маңызды жұмыстарды дербес түрде орындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі айқын <i>негізделген</i> . Минералды және «БиоЭкоГум» биоорганикалық тыңайтқыштардың жүгерінің өсіп-өнуіне, өнімділігіне және топырақтың құнарлылығына әсері зерттелінген. Тыңайтқыштарды тиімді пайдалану шаруашылықта маңызды экономикалық көрсеткіш болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды 3) айқындалмаған	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толығымен <i>айқындайды</i> . Диссертацияда тақырыпқа сай келетін мақсат және міндеттер айқын түрде нақтыланған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <i>сәйкес келеді</i> :
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық жағынан <i>толық байланысқан</i> . Барлық тараулар бір-бірімен тығыз байланысқан, келтірілген қорытынды автордың қолданыстағы әдістемелеріне сәйкес жүргізген танаптық және зертханалық зерттеулердің, экономикалық талдаулардың нәтижелері рет-ретімен баяндалып, қорытындыланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған тыңайтқыштар мен биотыңайтқыштарды қолдану ғылыми негізделген мөлшері, тәсілі және мезгілі дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып <i>сыни талдау жасалған</i> .
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Ғылыми нәтижелер мен ережелер <i>жаңа</i> болып табылады. Зерттеу барысында алғашқы рет Қаскелен Агропарк

		<p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жағдайындағы ашық қоңыр топырақтарда минералды тыңайтқыштармен (P<sub>100</sub>N<sub>80</sub>) «БиоЭкоГум» биоорганикалық тыңайтқышының топырақ құнарлылығының негізгі агрохимиялық көрсеткіштеріне әсері жүйелі түрде зерттелінген, топырақтағы негізгі қоректік заттар мөлшері мен оларға енгізілген тыңайтқыштардың әсері анықталып, жүгерінің өсіп-өнуі мен өнімділігіне әсері анықталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ауыл шаруашылығы саласы бойынша <i>толығымен жаңа</i> және нақты тәжірибелермен дәлелденген. Зерттеу қорытындылары ашық қоңыр топырақ жағдайында минералды тыңайтқыштарды және биоорганикалық тыңайтқышпен үйлестіріп қолдану, топырақтың құнарлығын арттырып, қоректік элементтердің сіңімділігін арттыруға және жүгері дақылының биологиялық өнімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретінін көрсетті.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75 % жаңа болып табылады)</u></p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>ішінара жаңа</i> және ғылыми деректерге негізделген болып табылады. Себебі келтірілген әдістемелер әлем бойынша кеңінен пайдаланылады, алайда Қазақстан аумағында алғашқы рет қолданылып отыр.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/ негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)</p>	<p>Жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесі бойынша қорытындылар келтіріліп, ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген</i>.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылған барлық ережелер толық дәлелденген.</p> <p>7.2. Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық ережелер тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ғылыми жаңалығы - оңтүстік-шығыс аймағы жағдайында минералды және биоорганикалық тыңайтқыштарды біріктіріп қолдануда топырақтың агрохимиялық қасиеттері мен жүгері өнімділігіне әсері ғылыми түрде негізделген.</p> <p>7.4. Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.</p>

		<p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең.</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес</p>	<p>7.5. Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген, апробациядан өткен.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1) ия</p> <p>Зерттеу әдістемелері көрсетілген әдеби деректерге негізделген. Зерттеу әдістері сауатты баяндалып, жүргізілген зерттеулердің сапалық және сандық көрсеткіштері анықталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1) ия;</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық</p>	<p>1) ия</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

	ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
	8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған	Зерттеулердің әрбір нәтижесі бойынша негіздемелер мен қорытындылар өзекті және сенімді ғылыми <i>әдебиеттерге сілтемелермен расталған</i> . Алынған нәтижелерге басқа ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы түрде талдау жүргізілген. Диссертациялық жұмыста еліміздің, жақын және алыс шет елдердің жетекші ғалымдарының әдеби деректері көздері пайдаланылған.
	8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Әдебиеттер тізіміне отандық және шетелдік ғалымдардың 145 басылымы кіреді, оның ішінде 10 нан астам шетел тіліндегі әдебиеттер көздері пайдаланған. Докторант қолданған барлық жарияланымдарда маңызды ғылыми мәліметтер бар екенін көрсетеді, сондықтан пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияны толық талдау үшін <i>жеткілікті</i> .
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	1) <i>бар</i> Диссертациялық жұмыстың <b>теориялық маңызы</b> ашық қоңыр топырақ жағдайында жүгері дақылдың өсіп-дамуы мен өнімділігіне суару және минералды-биоорганикалық қоректендіру жүйелерінің өзара әсерін ғылыми тұрғыда негіздеуінен көрінеді. Алынған нәтижелер топырақ құнарлылығының қалыптасу заңдылықтарын толықтырып, агрохимия және топырақтану салаларындағы ғылыми тұжырымдарды дамытуға үлес қосады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25 % кем)	Диссертацияның жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бар. Ғылыми негізделген тыңайтқыштар жүйесін өндіріске енгізу Оңтүстік Қазақстандағы кіші және ірі агроқұрылымдардың жұмысшылары мен фермерлерінің әл-ауқатының артуына зор ықпал етеді. Практикаға арналған ұсыныстар толығымен <b>жаңа</b> болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, зерттеу деректері айқын және түсінікті түрде мазмұндалған.
11	Диссертацияға ескертулер		Жалпы диссертациялық жұмысты талдау барысында кемшіліктер анықталмады, сондықтан жұмысқа қатысты ескертулер жоқ
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант Қарабаев Қуаныш Бақыткелдиновичтің диссертациялық жұмысы бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.
			Қарабаев Қуаныш Бақыткелдиновичтің «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша (6D080800) философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ бекіткен талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу мазмұны, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына)		Қарабаев Қуаныш Бақыткелдиновичтің «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша (6D080800) философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ бекіткен талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу мазмұны, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық

маңызы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алуға лайық деп  
бағаланады.

Ресми рецензент:

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
зерттеу университеті» КеАҚ

Ауыл және орман шаруашылығы институты  
қауым. профессор, а.ш.ғ.к.



Е.Т.Нұрманов

“Сәкен Сейфуллин атындағы  
Қазақ агротехникалық зерттеу университеті”  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Нұрманов ЕТ қолын растаймын  
Әкімшілік департаменті

